

## Эмиссиялар нормативтері белгіленетін ластаушы заттар мен қалдық түрлерінің тізбесін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 26 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 20 ақпанда № 10302 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 25 маусымдағы № 212 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 25.06.2021 № 212 (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 17-бабының 29) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 11.09.2015 № 565 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Эмиссиялар нормативтері белгіленетін ластаушы заттар мен қалдық түрлерінің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінде Экологиялық реттеу, бақылау және мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциялау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруын;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеғеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігінің жетекшілік етегін вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

В.Школьник

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрлігі  
2015 жылғы 21 қантардағы  
№ 26 бұйрығымен  
бекітілген

## **Эмиссиялар нормативтері белгіленетін ластаушы заттар мен қалдық түрлерінің тізбесі**

### **1. Эмиссиялар нормативтері белгіленетін ластаушы заттардың тізбесі**

1. Атмосфералық ауаны ластайтын заттар:

1) Күкірт диоксиді мен күкірттің басқа да қосылыстары;

2) Азот оксиді мен азоттың басқа да қосылыстары;

3) Оттегі тотығы;

4) Үшпалы органикалық қосылыстар;

5) Металдар мен олардың қосылыстары;

6) Тотияйын мен оның қосылыстары;

7) Цианидтер;

8) Хлор және оның қосылыстары;

9) Фтор және оның қосылыстары;

10) Шекті көмірсутегілер;

11) Меркаптандар;

12) Күкіртті сутегі;

13) Қара көміртегі (куйе);

14) Шаң-тозаң, соның ішінде құрамында асбест бар (өлшемді бөлшектері, талшықтары);

15) Полихлорлы дibenзодиоксиндер мен полихлорлы дibenзофурандар;

16) Елді мекендердің атмосфералық ауасында шекті рұқсатты шоғырлануының (бұдан әрі – ШРШ) және әсер етудің бағдарлы қауіпсіз деңгейіне (бұдан әрі – ӘБКД) Қазақстан Республикасының

санитарлық-гигиеналық нормативтері белгіленген қауіптілігі 1 және

2-сыныптағы өзге де ластаушы заттар мен олардың қосылыстары.

2. Суды ластайтын заттар:

1) Галогендердің органикалық қосылыстары және суда осы қосылыстарды құрауы мүмкін заттар;

- 2) Фосфордың органикалық қосылыстары;
- 3) Қалайының органикалық қосылыстары;
- 4) Металдар мен олардың қосылыстары;
- 5) Көмірсүтегілер мен олардың қосылыстары;
- 6) Цианидтер;
- 7) Тотияйын мен оның қосылыстары;
- 8) ШРШ немесе ӘБҚД белгіленген пестицидтер (улы химикалтар);
- 9) Өлшемді заттар мен суспензиялар;
- 10) Эфтрофизацияға әсер ететін заттар (нитраттар мен фосфаттар);
- 11) Оттегі тенгеріміне қолайсыз әсер ететін заттар;
- 12) Мәдени-тұрмыстық, шаруашылық-ауыз су және балық шаруашылығы су пайдалану су объектілеріндегі ШРШ және ӘБҚД Қазақстан Республикасының санитарлық-гигиеналық нормативтері белгіленген қауіптілігі 1 және 2-сыныптағы өзге де ластаушы заттар мен олардың қосылыстары.

## **2. Эмиссия нормативтері белгіленетін қалдықтар түрлерінің тізбесі және қоршаған ортада ашық турде орналастырылатын күкірт**

1. Коммуналдық қалдықтар.
2. Өнеркәсіптік қалдықтар, соның ішінде.
3. Радиоактивті қалдықтар.
  4. Ауыл шаруашылығы өндірісінің қалдықтары, оның ішінде көң, құс саңғырығы.
  5. Күкірт.